**Алматы облысы Балқаш ауданы «Бірлік орта мектебі» мкм**
**2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты өтетін жалпы**
**«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының**

# ХАБАРЛАМАСЫ

«Мектепке жол» акцияның жалпы мақсаты: Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген, толық емес отбасы және көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңның 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы шілде айының 5-нен басталып, 30-шы қыркүйекке дейін жалғасын табуда. Биылғы жылы Бірлік орта мектебі МКМ-де тамыз айынан бастап жыл бойына «Мектепке жол» «Балаға мейірім сыйла!», «Балалардың игілігі үшін!» қайырымдылық акциясы өз жұмысын бастап кетті. Ауылымыздың Бірлік Агрофирма «Бірлік» ЖШС-нің директоры Қыстаубаев Алмас Әбдіжапарұлы жыл сайынғы игі іс-шараға биыл да өз үлесін қосып, ауылдың көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушы 19 балаға 260 мың тенге көлемінде мектеп формасы мен спорттық киімін таратуға өз ниетін білдірді.

  

«Мектепке жол» акциясына барлық деңгейдегі ауыл азаматтары демеушілік қолын созып, игілікті іске атсалысу жалғасын таппақ...

Оқушыларға оқуға қажетті барлық құрал-жабдықтарды сатып алып, акцияға демеушілік жасаған жомарт жандарға шексіз алғысымызды білдіреміз! Қайырымдылық – қазақ елінің ең ізгі қасиеттерінің бірі. Болашақ ұрпағымыздың жарқын білім алуы үшін аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, әрбір адамның-азаматтық парызы деп білемін.

Биылғы жылы үйден оқытылатын оқушы саны -3; толық емес отбасынан шыққан -12 отбасыдан- 20 оқушы. АСП отбасы саны-7; бала саны-17. Жалпыға бірдей міндетті білім беру тарапынан көмекке берген оқушы саны -15; Бірлік АФ демеушілігімен -19 оқушы. Барлығы 51 оқушыға көмек беріп отырмыз.

**Таныстырған әлеуметтік педагог: Д.Қ.Қаиргали**